**Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 6 ақпан N 171

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-3-қосымшаларға сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 ақпандағы N 171 қаулысына 1 қосымша

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

001 "Әкімшілік шығындар" республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 67160 мың теңге (Алпыс жеті миллион жүз алпыс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының K951000_ Конституциясы, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 U990029_ Жарлығы, "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы; "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі N 453-I Z990453_ Қазақстан Республикасы Заңының 21, 22, 23, 25-баптары; "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 19 сәуірдегі N 2956 U962956_ Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаттары. 4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өзіне жүктелген функцияларын

неғұрлым тиімді орындауына қол жеткізуі үшін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының, мүшелерінің және аппаратының қызметін қамтамасыз ету. 5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын, мүшелерін және аппаратын ұстау. 6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары: ---------------------------------------------------------------------- !Бағдар.!Ішкі ! Бағдарламаның !Бағдарламаны (ішкі !Жүзеге! Жауапты !лама !бағ. !(ішкі бағдарлама.! бағдарламаны) жүзеге ! асыру!атқарушылар !ның !дар. !ның) атауы !асыру жөніндегі ! мерзі.! N!коды !лама.! ! іс-шаралар !мі ! ! !ның ! ! ! ! ! !коды ! ! ! ! --------------------------- --------------------------------------------- 1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 -------------------------------------- ---------------------------------- 1 001 Әкімшілік шығыстар 001 Орталық орган Республикалық бюджет. Жыл Республика. аппараты тің атқарылуын бақы. бойы лық бюджет. лау жөніндегі есеп тің атқары. комитетінің Төрағасын, луын бақы. мүшелерін және аппара. лау жөнін. тын 23 бірлікке бекі. дегі есеп тілген штат саны лимиті. комитеті не сәйкес жүктелген функцияларын сапалы атқаруы мақсатында ұстау --------- ------------------------------------------------------------- 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Есеп комитетіне жүктелген функциялардың сапалы әрі дер кезінде орындалуы, органның үздіксіз қызмет етуі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2002 жылғы 6 ақпандағы N 171 қаулысына 2 қосымша

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

500 "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне ақпараттық-есептеу қызметін көрсету" республикалық бюджеттік бағдарламасының
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1266 мың теңге (бір миллион екі жүз алпыс алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік аппараттың қызметін жақсарту, бюрократизммен күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 U000427_ Жарлығы; "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 U010573_ Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ақпараттық жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз ету . 5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне ақпараттық-техникалық қызмет көрсету. Мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне ену. 6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары: ------------------------------------------------------------------------ !Бағдар.!Бағдарламаның ! Бағдарламаны жүзеге !Жүзеге! Жауапты !лама !(ішкі бағдарлама.!жөніндегі іс-шаралар ! асыру!атқарушылар !ның !ның) атауы ! !мерзі.! N!коды ! ! !мі ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ---------- ------------------------------------------------------------- 1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ------------------------ ----------------------------------------------- 1 500 Республикалық Бөлек арна құру және Жыл Республикалық бюджеттің жалдау. бойы бюджеттің атқары. атқарылуын Ай сайынғы төлемдер, луын бақылау бақылау жөніндегі 2-ші деңгейдегі жөніндегі есеп есеп комитетіне доменді тіркеу, комитеті ақпараттық-есептеу локальды-есептеу қызметін көрсету байланысын (ЛЕБ) монтаждау ------------------------------------------------------------- ------------ 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Есеп комитетінің ақпараттық инфрақұрылымының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Дербес компьютерлерді, локальды есептеу желісін және оның компоненттерін ( серверлерді, желілік коммутаторларды және кабельдік жүйені), сондай-ақ ұйымдастыру техникаларын техникалық түзелген күйде ұстау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 ақпандағы N 171 қаулысына 3 қосымша

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

600 "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетін есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 15386 мың теңге (Он бес миллион үш жүз сексен алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, бюрократизммен күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Республикалық бюджеттің атқарылуын

бақылау жөніндегі есеп комитетінің қызметін материалдық-техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету. 5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету, ақпараттық жүйе құру, жұмыс орнын автоматтандыру, локальды желі құру. Мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне синхронды ену. 6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары: ---------------------------------------------------------------------------- !Бағдар.!Ішкі !Бағдарламаның !Бағдарламаны жүзеге ! Жүзеге! Жауапты !лама !бағ. !(ішкі бағдарлама.! асыру жөніндегі ! асыру!атқарушылар !ның !дар. !ның) атауы ! іс-шаралар !мерзі.! N!коды !лама.! ! !мі ! ! !ның ! ! ! ! ! !коды ! ! ! ! --------------------------------------------------------------------- 1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 --------------------------------------------------------------------------- 1 600 Республикалық компьютерлер, прин. 2002 Республикалық бюджеттің терлер және басқа жыл бюджеттің атқарылуын да ұйымдастыру тех. нау. атқарылуын бақылау жөніндегі никаларын, лицензия. рыз- бақылау есеп комитетін лық бағдарламалық мау. жөніндегі есептеу және ұйым. қамтамасыз етуді сым есеп дастыру техника. сатып алу. комитеті сымен қамтамасыз ету. --------------------------------------------------------------------- 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Есеп комитетінің аппаратын есептеу және ұйымдастыру техникасымен толық қамтамасыз ету. Жұмыс орындарын автоматтандыру және ұлғайту, локальды желі құру. Ақпаратты рұқсат етілмегендерден қорғау, сондай-ақ зиянды бағдарламалардың ("вирустардың") ықпалынан қорғау. Мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне ену. Есеп комитеті қабылдайтын шешімдердің тиімділігі мен келісімділігін арттыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК